

жүргізіледі. Көбінесе, тіректі аяқтарды ұзындығына үлкен көңіл аударады. Буксирлеу тросының үзілу күшін келесі формуласымен анықталады:

$$F_{раз} = 0,716S_{II}v_6^2, \quad (1)$$

мұнда S_n – ӨКБҚ-ның батырылған бөлігінің кедергі ауданы, m^2 ; v_6 – бурсирлеу жылдамдығы.

Өздігінен жүрмейтін ӨКБҚ үшін бурсирлеу тросының ұзындығы келесі формуламен анықталады:

$$l = 350 + 0,045N_c. \quad (2)$$

N_c – якорлық қамтамасыз етудің таңдау сипаттамасы.

$$N_c = K_1K_2\Delta^{2/3} + K_3A. \quad (3)$$

мұнда $\Delta^{2/3}$ – суды алу көлемі, m^3 ; A – конструкциясы жобасының қосынды ауданы, m^2 ; K_1 – тұлға пішіні ескеретін коэффициент (пантондары тікбұрышты пішінді ЖБҚ үшін $K_1=1,5$, пантондары катамаранды түрде болатын ЖБҚ үшін $K_1=1,75$); K_2 – толқынның әсерін ескеретін коэффициент; K_3 – якорлық тұрықтың желді жағдайын ескеретін коэффициент.

Коэффициенттер.....	K_2	K_3
Жұмыс істейтін ЖБҚ		
ашық теңізде	1,2	2,1
жабық теңізде.....	1,1	1,8

ӨКБҚ тіреуіш тізбектердің санына әсер ететін факторлар:

- Теңіз тереңдігі.
- Метерологиялық жағдайлар;
- Теңіз табанына тізбектердің тірелу әсері.
- Теңіз табанынан тізбектерді шығарып алу әдісі.
- Теңіз табаны;
- Көтерілетін корпусстың (тұлға) жалпы салмағы.

Цилиндрлі тіреуіші бар қондырғыларды 45м тереңдікте қолданады.

ӨКБҚ мына талаптарға сәйкес жұмыс істейді:

- Ұңғының құрылысы кезінде бұрғылау қондырғылардың жоғарғы жұмыс өнімділігі.

- Бұрғыланған орнынан жаңа орынға жылдам көшу.
- теңізде аса үлкен ара-қашықтыққа жүзгіштігі.
- автономдылығы немесе мол қормен қамтамасыз ету.

2.3.2 Жартылай батпалы жүзбелі бұрғылау қондырғылары (ЖБЖБҚ)